



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 14 подъезд
тел.: +7 7172 74 08 44

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
«Ақ жол» Демократиялық
партиясының депутаттарына**

(А. Сембинов, А. Перуашев, Е.Барлыбаев,
Д.Еспаева, Б.Дюсембинов, А.Әбілдаев,
С.Ерубасев, А.Жұмабаева, Қ.Иса, А.Линник,
Е.Өмірғали, М.Раманқұлов)

*2021 жылғы 11 наурыздағы
№ ДС-104 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жоғарыда көрсетілген күріш алқабының азаюы туралы депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Ылғал сүйгіш дақылдар, мақта, күріш егістерін қысқарту жөніндегі саясат біздің елімізде 2005 жылдан бастап жүргізіле бастады. Мұндағы негізгі дәлел – суармалы судың жалпы тапшылығы, әсіресе трансшекаралық су көздері, Іле және Сырдария өзендері.

Суармалы судың төмен бағасы ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерді оны ұқыпты ұстауға ынталандырмайды, сондықтан оны мұқият пайдаланбау әдеттегі жағдайға айналды. Қазіргі уақытта қалыптасқан тариф белгілеу жүйесі суармалы судың құны өнімнің өзіндік құнының 1%-ынан аз болуына алып келді, ал басқа елдерде ол 4-тен 16%-ға дейін ауытқиды. Суармалы сумен байланысты мұндай жағдайда суармалы судың бағасы өсуі керек.

Суды қажет ететін ауылшаруашылығы дақылдарының егістігін азайтуды 2030 жылға дейін кезең-кезеңімен жүргізу көзделетінін атап өткен жөн. Күріш дақылынан суды аз қажет ететін басқа ауыл шаруашылығы дақылдарына кезең-кезеңімен көшу ауылшаруашылығы өндірісін қайта бағдарлауды ауыртпалықсыз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Күріш – бұл шайылатын дақыл, оның өсімдіктері су қабатының астында, кішкене көлденең чектерде жүреді. Күріш тұзға төзбейді, сол себепті тұз деңгейінің жоғарылауына байланысты чектердегі су бірнеше рет өзгереді. Сондықтан вегетация кезеңінде 1 га күріш дақылына 22-ден 25 мың м³-ге дейін

су жұмсалады. Ал дәндік жүгеріні өсіру үшін – 6 мың м³ су, көпжылдық шөптер – 8,0 мың м³, бақша дақылдары – 4,0 мың м³ су қажет.

Егер күрделі және ағымдағы шаю, химмелиорация және басқа да іс-шаралар көмегімен топырақтың мелиорациялық жай-күйіне уақтылы жақсарту жүргізілсе, топырақтың тұздануы болмайды. Дайындалған топырақтарда суару су үнемдеу технологияларын қолданған кезде, топырақтың тек тамыр қабатын ылғалдандырып, көлденең дренаждың жұмысына байланысты жер асты суларының деңгейін төмен (жартылай гидроморфты режим) ұстап тұру керек. Бұл шаралар көбінесе қайталама тұздану, жер асты суларының деңгейін көтеру ықтималдығын азайтады, бұл төменгі горизонттардан тұздардың көтерілуіне жол бермейді.

Қазақстан Республикасында су ресурстарының тапшылығына байланысты қалыптасқан жағдайды нақты бағалау қажет. Суармалы егіншілікті қиын жағдайға жеткізгеннен гөрі, ауылшаруашылығы өндірісінің суды аз қажет ететін дақылдарды өсіруге біртіндеп көшуін жүзеге асырған дұрыс.

Біздің елімізде күріш егу алқаптарын кезең-кезеңімен азайту – бұл қазіргі заманғы шындықтан туындаған объективті қажеттілік.

Сонымен қатар, мемлекетаралық су қатынастарын жетілдіру, қазіргі заманғы технологияларды толық ауқымда енгізу және қолдану мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, су үнемдеу технологияларын енгізу, ирригациялық және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру, су заңнамасын өзектендіру және жетілдіру, экономикалық тиімді тарифтік саясатты енгізу жұмыстары әзірленіп жатқан Су ресурстарын басқару бойынша жаңа ұлттық жобасы аясында қарастырылылғанын хабарлаймыз.

Ұлттық жобаның мақсаты стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен су қауіпсіздігінің басым міндеттерін іске асыру үшін халықты және экономика салаларын сумен кепілді қамтамасыз ету болып табылады.

Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарды Министрлік ерекше бақылауда ұстап отыр.

**Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің міндетін атқарушы**

С. Брекешев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ И
ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

№ 120
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

25.03.2021 н.
город Нур-Султан

Иссапарға жіберу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты жетекшілік ететін мәселелер бойынша 2021 жылғы 29 наурыздан бастап 30 наурыз аралығында Ақтөбе облысына әуе көлігі жолымен іссапарға шығамын.

2. Күнтізбелік 2 күн көлемінде тәуліктік ақысы, күнтізбелік 1 күн көлемінде тұрғын жай жалдау және әуе көлігі жолымен Нұр-Сұлтан-Ақтөбе-Нұр-Сұлтан бағыты бойынша жол жүру шығындары Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің есебінен төленсін.

3. Иссапар кезінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар Вице-министрі Сериккали Аманғалиевич Брекешевке жүктелсін.

Қазақстан
Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі



М. Мырзағалиев

000887

Орындаушы: А.С. Оканова; Айы-күні: 25.03.2021ж.; Құжат «Е-қызмет» жүйесінде дайындалған

30.03.2021 жыл № 01-29/Д.451 шешіміне
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ
И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
 «Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
 тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мәңгілік Ел, 8
 «Дом министерства», 14 подъезд
 тел.: +7 7172 74 08 44

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
«Ақ жол» Демократиялық
партиясының депутаттарына

(А. Сембинов, А. Перуашев, Е.Барлыбаев,
 Д.Еспаева, Б.Дюсембинов, А.Әбілдаев,
 С.Ерубасев, А.Жұмабаева, Қ.Иса, А.Линник,
 Е.Өмірғали, М.Раманқұлов)

2021 жылғы 11 наурыздағы
№ ДС-104 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жоғарыда көрсетілген күріш алқабының азаюы туралы депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Бұлғал сүйгіш дақылдар, мақта, күріш егістерін қысқарту жөніндегі саясат біздің елімізде 2005 жылдан бастап жүргізіле бастады. Мұндағы негізгі дәлел – суармалы судың жалпы тапшылығы, әсіресе трансшекаралық су көздері, Іле және Сырдария өзендері.

Суармалы судың төмен бағасы ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерді оны ұқыпты ұстауға ынталандырмайды, сондықтан оны мұқият пайдаланбау әдеттегі жағдайға айналды. Қазіргі уақытта қалыптасқан тариф белгілеу жүйесі суармалы судың құны өнімнің өзіндік құнының 1%-ынан аз болуына алып келді, ал басқа елдерде ол 4-тен 16%-ға дейін ауытқиды. Суармалы сумен байланысты мұндай жағдайда суармалы судың бағасы өсуі керек.

Суды қажет ететін ауылшаруашылығы дақылдарының егістігін азайтуды 2030 жылға дейін кезең-кезеңімен жүргізу көзделетінін атап өткен жөн. Күріш дақылынан суды аз қажет ететін басқа ауыл шаруашылығы дақылдарына кезең-кезеңімен көшу ауылшаруашылығы өндірісін қайта бағдарлауды ауыртпалықсыз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Күріш – бұл шайылатын дақыл, оның өсімдіктері су қабатының астында, кішкене көлденең чектерде жүреді. Күріш тұзға төзбейді, сол себепті тұз деңгейінің жоғарылауына байланысты чектердегі су бірнеше рет өзгереді. Сондықтан вегетация кезеңінде 1 га күріш дақылына 22-ден 25 мың м³-ге дейін

су жұмсалады. Ал дәндік жүгеріні өсіру үшін – 6 мың м³ су, көпжылдық шөптер – 8,0 мың м³, бақша дақылдары – 4,0 мың м³ су қажет.

Егер күрделі және ағымдағы шаю, химмелиорация және басқа да іс-шаралар көмегімен топырақтың мелниорациялық жай-күйіне уақтылы жақсарту жүргізілсе, топырақтың тұздануы болмайды. Дайындалған топырақтарда суару су үнемдеу технологияларын қолданған кезде, топырақтың тек тамыр қабатын ылғалдандырып, көлденең дренаждың жұмысына байланысты жер асты суларының деңгейін төмен (жартылай гидроморфты режим) ұстап тұру керек. Бұл шаралар көбінесе қайталама тұздану, жер асты суларының деңгейін көтеру ықтималдығын азайтады, бұл төменгі горизонттардан тұздардың көтерілуіне жол бермейді.

Қазақстан Республикасында су ресурстарының тапшылығына байланысты қалыптасқан жағдайды нақты бағалау қажет. Суармалы егіншілікті қиын жағдайға жеткізгеннен гөрі, ауылшаруашылығы өндірісінің суды аз қажет ететін дақылдарды өсіруге біртіндеп көшуін жүзеге асырған дұрыс.

Біздің елімізде күріш егу алқаптарын кезең-кезеңімен азайту – бұл қазіргі заманғы шындықтан туындаған объективті қажеттілік.

Сонымен қатар, мемлекетаралық су қатынастарын жетілдіру, қазіргі заманғы технологияларды толық ауқымда енгізу және қолдану мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, су үнемдеу технологияларын енгізу, ирригациялық және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру, су заңнамасын өзектендіру және жетілдіру, экономикалық тиімді тарифтік саясатты енгізу жұмыстары әзірленіп жатқан Су ресурстарын басқару бойынша жаңа ұлттық жобасы аясында қарастырылғанын хабарлаймыз.

Ұлттық жобаның мақсаты стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен су қауіпсіздігінің басым міндеттерін іске асыру үшін халықты және экономика салаларын сумен кепілді қамтамасыз ету болып табылады.

Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарды Министрлік ерекше бақылауда ұстап отыр.

**Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің міндетін атқарушы**

С. Брекешев